

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
« №32 «ҚУАНЫШ» БАЛАБАҚШАСЫ» МКҚК



«Домисоль»
бағдарламасы
ересек, мектепалды топтарға арналған

Ақтөбе қаласы
2025 жыл

«Домисоль» үйірмесінің бағдарламасы Кулмаханбет А.Е. Алматы, 2017 ж. «Жас ерекшеліктеріне байланысты ән салуға баулу әдістемесі» бағдарламасына сүйене отырып, іс-тәжірибеден жинақталып құрастырылған.

Құрастырған (дар): Аетова Л.Т.

Пайдаланушы: Аетова Л.Т.

№32 «Қуаныш» балабақшасының педагогикалық кеңесінде «Домисоль» ән үйірмесінің бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1 22 08 202 жыл

Балабақша меңгерушісі



[Signature]
(қолы)

Лекерова Р.А.
(аты-жөні)

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Домисоль» ән үйірмесінің бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № 1 27 08 2025 жыл

Сараптау комиссиясы төрағасы



М.Косымбаева

Ақтөбе қаласы №32 «Қуаныш» балабақшасы

3-6 жас аралығындағы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған вокал ән үйірмесінің жетекшісі Аетова Лидия Таганосовнаның «Домисоль» атты бағдарламасына

ПІКІР

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылғандай ұлттық қорымызды сақтаудың бір жолы - қазақтың әншілік өнерін насихаттау.

Қазақ халқы өнер десе ішкен асын жерге қоятын халық. Бұл өнеріміз бүгінгі таңның арайлы күнінде балабақшамызда өз жалғасын тауып отырғандығы көңіл қуантарлық жәйт.

Автордың ұсынылып отырған «Домисоль» бағдарламасындағы мектеп жасына дейінгі балаларды, соның ішінде 3-6 жас аралығындағы ұлттық өнерге баулуға мақсатталған шағын жаттығулар, халық әндері мазмұны мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне сай жоспарланған.

Жетекші Л.Т.Аетованың бағдарламасының өзектілігі жоғары адамгершілік, рухани жағынан бай адамның қалыптасуына, қоғамның әлеуметтік тәртібін енгізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарламаны оқыту барысында баланың бойындағы талап-талғамдарын арттырып, өмірге, жақсы қасиеттерге құштарлық сезімін байытып, рухани қазынасын барынша молайтып, патриоттық тәрбиені бойларына сіңіріп, көпшіл болуға ықпал ету, музыкалық сауаттылығын қалыптастыру мақсаты көзделді. Балалардың жас ерекшелігіне байланысты балаларға арналған әндер жинақталып, мерекелерге байланысты әндер үйретіледі.

Ұсынылып отырған бағдарламаның мақсаты: балалардың белсенді музыкалық және шығармашылық қызметі арқылы ән айтуға, жеке вокалдық қабілеттерін дамытуға және шығармашылық әлеуетін ашуға көмектесе отырып балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу.

Бағдарлама екі оқу жылына 72 сағаттан есептелген - аптасына 2 рет өткізіледі.

3-6 жас аралығындағы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған вокал ән үйірмесінің «Домисоль» атты бағдарламасы заман талабына сай және оны оқу барысында қолдануға болады деп есептеймін.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
«Музыка және хореография» кафедрасының
доценті, педагогика ғылымының кандидаты,
доцент, ҚР мәдениет саласының үздігі:



Мукеева Н.Е.

ТҮСІНІК ХАТ

«Домисоль» бағдарламасы балалардың музыкалық-эстетикалық қабілетін дамытады, көркем және тәуелсіз шығармашылыққа баулиды, музыкалық өрісінің кеңейтеді. Вокалдық сабақтарда қолданылатын музыкалық және вокалдық, тыныс алу органдарының жаттығулары, баланың әлсіздігі, артық шаршау, окшаулану, депрессияға жол бермеуге немесе жұмсартуға көмектеседі.

«Домисоль» бағдарламасы 4-5 жастағы балаларға 144 сағатқа жоспарланған. Аптасына 2 рет ересек топта 20-25 минут, мектепалды тобында 25-30 минуттан өткізіледі. Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі - 3 жыл.

Мақсаты: балалардың ән айтуға, жеке вокалдық қабілеттерін дамытуға және шығармашылық әлеуетін ашуға көмектесе отырып балалардың бойында жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу.

Өзектілігі: ұлттық қорымызды сақтаудың бір жолы –қазақтың әншілік өнерін насихаттау.Бағдарламаның өзектілігі жоғары адамгершілік, рухани жағынан бай адамның қалыптасуына, қоғамның әлеуметтік тәртібін енгізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Міндеті:

- баланың әнге деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру;
- баланың жалпы мәдениетін қалыптастыру;
- баланың ішкі әлемін байыту, ән айту арқылы әлемнің шығармашылық және эмоционалды қабылдау;
- балалардың музыкалық мәдениет негіздеріне қосылуы; музыкалық-эстетикалық қабілетін дамыту; көркем және тәуелсіз шығармашылықты дамыту; музыкалық өрісінің кеңеюі;
- балалар және халық әндерін зерделеу арқылы рухани мұраға деген сүйіспеншілік пен ән айту дәстүрін түсінуге және құрметтеуге үйрету.

Бағдарлама бойынша балалар нені меңгеру керек: Әнді әуезді, дауысты дыбыстарға бөліп орындайды, жеңіл дыбыспен ән айтады, үйлесімді ән айтуға қол жеткізеді; әнді бірге бастайды және аяқтайды, музыкалық ойындар арқылы аспапта ойнай біледі.

- Күтілетін нәтиже:** музыканы тыңдауға қызығушылығы қалыптасады;
- музыкалық шығармалардың табиғатын, жанрын және мазмұнын анықтауды үйренеді;
 - диапазоны дәйекті кеңейіп, ән айту, тыныс алу, дұрыс дауыс қалыптасады.
 - сахна мәдениетіне тәрбиелеу.

БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫПТАРЫ
 4-5 жас (ересек, мектепалды топтары үшін)
 (Барлығы 144 сағат, аптасына 2 рет)

№	Тақырыбы	Сағат саны
«Домисоль»		
1	Музыкалық есту қабілетін (слухты) тексеру	4
2	Дауыс тыңдау, іріктеу. Мерекелік шараларға тақырыптық әндер үйрету.	4
3	Дауыс жаттығулары. Сахнада өз өзін ұстау мәдениетіне үйрету.	8
4	Дикциямен жұмыс. Артикуляциялық жаттығулар орындау.	4
5	Бас және мойынға арналған жаттығулар Ән айту ережелерімен танысу.	8
6	«Тәрбиеші апайға» балалар әні	4
7	«Көңілді өрмекшілер» Дауыспен жұмыс жасау	4
8	«Ырғақты жаңғырық»	4
9	Репертуармен жұмыс. Қазақ композиторларының әндері.	6
10	Отаным – менің Қазақстаным»	8
11	«Әр бала бір жұлдыз» балаларға арналған шығармашылық фестивальдар, байқаулар	8
12	«Сәлем Қазақстан» Зерек ботақан жинағынан	4
13	«Әсем әуен»	6
14	«Ырғақтар бізде қонақта»	8
15	«Көңілді оркестр» музыкалық ойындар топтамасы	8
16	Өзге ұлт балалар әндері. «Свадьба золотая» Р. Пауле	8
17	«Көңілді алақандар» ырғақты жаттығулар топтамасы	8
18	Ән айту кезінде тыныс алуды таныстыру. Ән айту – есту мен дауысты дамытуға арналған жаттығу	8
19	Репертуармен жұмыс. Балалар әндері	4
20	«Поппури» балалар хоры.	8
21	«Айналайын анашым» балалар әні	4
22	Ғажайып дыбыстар мекені	8
23	«Еркем-ай» балалар әні	4
24	«Біз әндерді көңілді айтамыз!»	4
	Барлығы	144

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

«Танысу, музыка әлеміне саяхат» Дыбыс және дауыс жаттығулары. Дауыс қыздыруға арналған қысқа әндер. Қазақ халық әндері мен балаларға арналған классикалық шығармаларды үйрету. Ән айту арқылы сөйлеу мәдениетін, тыныс алуын, есту қабілетін дамыту.

«Табиғат әуендері» Музыкалық ойындар (әуенге қимыл жасау маусымдық, мерекелік тақырып тағы әндерді жаттау) музыкаға сүйіспеншілігін тәрбиелеу. Ән айту шеберлігін үйрету (дыбысты дұрыс қою, тыныс алу, дикция). Музыкалық есту қабілетін дамыту (ырғағын, әуенін ажырату)

«Достық пен ойын әлемі» Ән айту жаттығулары: дауыс қыздыру, тыныс алу жаттығулары. Музыкалық ойындар арқылы ырғақты сезіну, есте сақтау қабілетін жетілдіру.

«Қысқы көңіл күй» Мерекелі қойылымға дайындық. Топтық ән айту дағдыларын дамыту. Балалармен жеке жұмыс жасау (дауысты түзету, ритм)

«Отан туған жер» Марш әуеніне қадам басу, әнді топпен орындау. Тыныс алу жаттығулары (қол көтеріп, ұзақ дем шығару) Халықтық және заманауи әндерге қызығушылығын арттыру.

«Әсем әуен» Әнді мәнерлеп айту. Дауыс қою, дыбысты созу («а-а-а», «ля-ля-ля») Есту қабілетін дамыту. Әнді мәнерлі айту.

«Халықтық дәстүрлер әуені» Музыкалық ойындар, халық әндерін орындау.

«Ғажайып дыбыстар мекені» Әуенге сәйкес қимыл қозғалыс жасау. Гүлдер бейнесін музыка арқылы жеткізу.

«Біз әндерді көңілді айтамыз!» Балалардың мерекесі. Балалық шақ әндері.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. «Жас ерекшеліктеріне байланысты ән салуға баулу әдістемесі»
Кулмаханбет А.Е. Алматы, 2017ж
2. Ахметова А. «Музыкалық тәрбие негіздері»- Алматы: Рауан 2014 ж
3. «Халық әндері» жинағы, «Балалар әндері» Алматы, 2017 ж

Қосымша әдебиеттер:

1. Айтжанова Б. Балабақшадағы музыка сабағы: әдістемелік құрал.- Алматы: Мектеп, 2017ж
2. Жұбанова Ғ. Қазақ балалар әндері.-Алматы: Өнер, 2010ж
3. Нағыметова Ә. Балаларға арналған әндер жинағы-Астана:Фолиант,2019ж
4. Ахметова А.Қ Мектепте музыка сабағын оқыту принциптері –Алматы 2017ж
5. Қыдырбаева М. Музыка сабағында оқушылардың шығармашылығын дамыту жолдары Алматы 2006ж
6. Ветлугина Н.А. Музыкальный букварь. М., «Музыка», 2016 ж.
7. Ветлугина Н.А. Музыкально-игровое творчество у детей 5-7 лет. Песенное творчество детей 5-7 лет. – В кн. Художественное творчество в детском саду. 2017
8. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям-Москва: Просвещение, 2011 ж
9. Орлова Н.Методика музыкального воспитания дошкольников-Москва: Академия, 2013 ж
10. . Дүйсенбаева Р. Музыкалық ойындар мен жаттығулар-Алматы:Арман – ПБ 2016ж М., Алчевский Г.А Таблицы дыхания для певцов и их применение к развитию основных качеств голоса.-2010 ж
- 11 Подласый И.П. Педагогика.Дошкольное воспитание-Москва Владос, 2014 ж
12. Сапарбаев Қ.Қазақтың халық әндері: балаларға арналған жинақ-Алматы: 2011ж